

Текст надписи







Темперамент дегеніміз психикалық процестердің өтуінің динамикалық ерекшеліктерін және адам мінез-құлқын, олардың күшін, жылдамдығын, пайда болуын, тоқталуы мен өзгерісін сипаттайтын қасиеттер жиынтығы.

Ал **А.В. Вундт** темпераменттің әрбір түрін эмоционалдық әрекетіне және олардың тұрақтылық деңгейіне байланысты бейнеледі.





Гейне



П.Ф. Лесгафт

19 ғасырдың аяғында темперамент туралы теориялардың дамуы жаңа бағыт алды. Неміс анатомы **Гейне** темпераменттердің түрліше болуы жүйке жүйесінің тонусына байланысты десе, орыс антропологы **Н.Л. Зеланд** (1833-1902) ми қабықшасындағы молекулярлық қозғалыстың жылдамдығы мен біркелкілігіне байланысты деді. Көрнекті орыс педагогы **П.Ф. Лесгафт** (1837-1909) темпераменттерді қан сауыттарының жуандығы мен кеңдігіне байланысты деп тұжырымдады.



Солик



Сангвиник



ұрлымды адамдардың мінез-
раменттің негізгі мазмұнын
н ұсынды. Бұл біріншіден,
ы аса жоғары немесе төменгі
руге немесе қайғыруға бейім),
ің тежелуі немесе тездететуі),
омоторлық сфера (қозғалыс

Әр адам өз дене құрылымына орай өзіндік психикалық ерекшеліктері бар және дене мүшелерінің (қол, аяқ, бас, кеуде т.б.) сырттай өлшемдеріне байланысты төрт конституционалды психикалық типтерді ұсынды:

1) Лептосоматик - (грек – нәзік дене). Дене құрылымы нәзік, бойы ұзын, кеудесі тегіс, бет әлпеті сопақ. Иықтары кішкентай, қол-аяқтары жіңішке ұзын.

2) Пикник – (грек – толық, нығыз). Майлы тканді, бойы орташа немесе қысқа, денесі жалпақ, қампиған қарын, қысқа мойын, басы дөңгелек және быртыған саусақтары бар.

3) Атлетик – (грек – күрес). Бұлшық еті жақсы жетілген, денелері мығым, бойы орташа немесе ұзын, иықтары кең, бет сүйектері шығыңқы.

4) Диспластик – (грек – нашар қалыптасқан). Дене бітімінде нақты форма жоқ, бұл типтегі индивидтер дене құрылымының әртүрлі деформациясымен сипатталады [2].

Аталған типтердің ішінде лептосоматиктер мен пикниктер психикалық ауруларға бейім екендігі анықталды. Шизофрениямен ауыратындардың көпшілігі лептосоматиктер құрайды. Пикниктер маниакальді-депрессивті психозбен ауыруға, ал атлетиктер эпилепсия ауруына бейім келеді.

Сонымен конституционалдық типологияның ірге тасын қалаған неміс психиатры Э. Кречмер дене бітімінің аталған типтеріне сәйкес темпераменттің 3 типін ажыратады:

1) Шизотимик – дене құрылымы лептосоматикалық немесе астеникалық. Психикасы бұзылғанда шизофренияға бейім болып келеді. Тұйық, тік мінезді, көзқарасын өзгертпейді. қоршаған ортаға қиындықпен бейімделеді.

2) Циклотимик – дене құрылымы пикниктік. Психикасы бұзылғанда маниакальді – депрессивті психозға бейім. Шизотимикке қарсы тип. Қоршаған адамдармен қарым-қатынасы тез түседі.

3) Иксотимик – дене бітімі атлеттік. Психикалық ауытқуларда эпилепсияға бейім. Салмақты, мимикасы мен жестері ұстамды. Ойлау икемділігі жоғары емес, белгілі жағдайларда орнын өзгерткенді ұнатпайды, қайта қоныстанғанда және ауысқанда қиыншылықпен бейімделеді.

Темпераменттің төрт түрі белгілі.



Бұл темперамент өкілі тездігімен, шапшаңдығымен, ұстамсыздығымен, тым қозғалғыштығымен ерекшеленеді. Оларда психикалық процестер шапшаң өтеді. Күйгелектік сондай адамдарға тән. Ол жұмыс істеуге жақсы қарқынмен кірісіп, күші таусылғанда оны тастап кете береді. Адамдармен қарым-қатынаста тынымсыз, агрессивті, шамданғыш болып келеді. Сондықтан холерик болған жерде ұрыстар жиі болады.

Холерик темпераментінің жағымды жағы
- энергия, белсенділік, құштарлық,
инициативтік. Жағымсыз жағы -
ұстамсыздығы, қаталдық, қатаңдық,
шамдану, ыза.



бі белгілі.

у, байсалды, асықпайды. Істі
Жинақылықты, қалыпты
жағдайды ұнатады. Өзгерістерді ұнатпайды. Бастаған ісін
аяғына дейін жеткізеді. Психикалық процесстер флегматикте
баяу жүреді. Бұл баяулық оған оқу жолында кедергі келтіреді, ең
кедергі келтіретін жері:тез есте сақтау, тез ойланып жауап беру.
Кейде флегматиктер жамандықты есте сақтап қалады және ұзақ
мерзімге. Адамдармен қарым-қатынаста флегматик бірқалыпты,
байыпты, керек жерде тіл табысады, ал орынсыз сөйлемейді.
Көңіл- күйі тұрақты. Олардың байыптылығы мен байсалдылығы
өмірге деген көзқарасынан да көрінеді. Флегматикті ызаландыру
немесе эмоционалды әрекет жасау оңай емес, ол ұрыс- керістен
аулақ жүреді, оны әртүрлі қиыншылықтар тепе-теңдігінен
шығармайды. Флегматикті дұрыс тәрбиелегенде іскерлікті,
талапшылдықты орнатуға болады. Бірақ жағымсыз
жағдайларда оларда әлсіздік, жалқаулық пайда болады.



ш оқушы. Ондай тез қайтып кетеді, енді ұнатады, басқа ылмайды, кісіге іні жақсы, яғни оқу үстінде олар қасиеттерін айқын көрсетеді. Егер оқу материалы қызықты және жас ерекшелігіне сай болса, онда кіші оқушы жаңа берілген материалды тез қабылдайды, жеңіл есте сақтайды. Ал егер материал қызықсыз және оны оқу үшін көп уақыт қажет болса, онда оқушы оны есте ұзақ уақытқа сақтай алмайды. Сангвиниктерді дұрыс тәрбиелегенде, оны жоғары дәрежеде жетілген бірлік және қайырымдылық сезімі оқуға деген белсенділігі ерекшелендіріп тұрады. Жағымсыз жағдайларда, жүйелілік пен бірізділік жоқ кезде, сангвиник жеңілтектік, бейбастық, шашыраңқылық байқалады. Осындайда олар кейде оқуға жауапкершіліксіз қарайды.



де
еді.

өте тез

шаршайды. Бірақ қалыпты қоршаған ортада, мысалы, үйде ондай балалар өздерін жақсы ұстап, іс-әрекеттерді жақсы орындайды. Эмоциялары баяу туады, бірақ тереңдігімен және күштілігімен ерекшеленеді. Олар өте сезімтал, реніштерін іште сақтап, оларды көп ойлай береді, бірақ сондай қиыншылықтар бар екенін ешкімге көрсетпейді. Меланхоликтер тұйық, таныс емес адамдармен сөйлеспейді, жаңа ортада қатты қысылады. Жағымсыз жағдайларда ауруға айналған осалдық, қысылу, көңілсіздік, пессимизм пайда болады.

Қазіргі кезде ғалымдар ізденістер нәтижесінде темперамент тиологиясын жаңа мәліметтермен толықтыруда. В.С. Мерлин мектебінде темпераменттің негізгі 9 параметрлерін бөліп көрсетті: 1) эмоционалдық қозғыштық; 2) зейіннің қозғыштығы; 3) эмоцияның күші; 4) мазасыздық; 5) еріксіз қозғалыстардың реактивтілігі; 6) мақсатты бағытталған әрекеттің белсенділігі; 7) пластикалық- ригидтілік; 8) қарсылық; 9) субъективация. Алайда барлық ұсынылған сипаттамаларды темпераментке жатқыза алмаймыз, мысалы, зейіннің қозғыштығы таным үрдістерін сипаттайды, ал еріктің белсенділігі және субъективация мінездің қасиеттеріне жатқызамыз (4).

Темперамент түрлерінің жақсы не жаманы болмайды. Олардың әрқайсысы өзінің ұнамды қасиеттеріне ие, сондықтан басты назар темпераментті реттеп, түзетуге қаратылмай, нақты іс-әрекетте оның тиімді жақтарын саналы әрі өз орнымен пайдаланудың жолдарын табуға бағытталғаны жөн.